

## Қостанай ауданы Айсары ауылдық округінің Айсары ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы Айсары ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 24 тамыздағы № 6 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 қыркүйекте № 8038 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің тақырыбында және барлық мәтіні бойынша "Глазунов" сөзі "Айсары" сөзімен ауыстырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы Айсары ауылдық округі әкімінің 19.12.2019 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 20 маусымдағы қорытындысы негізінде әкім **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы Айсары ауылдық округі әкімінің 19.12.2019 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қостанай ауданының Айсары ауылдық округінің Айсары ауылының келесі көшелері:

- 1) Комсомольская көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
- 2) Озерная көшесі Астана көшесіне;
- 3) Спортивная көшесі Достық көшесіне;
- 4) Орденоносная көшесі Бірлік көшесіне қайта аталсын.

2. "Қостанай ауданының Айсары ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімнің шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Айсары ауылдық округінің әкімі*

*Б. Нургазин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК